

Бекітемін

ЖШС «Лилия» бөбекжай
балабақшасының меңгерушісі

Л.И Яворская

2024-2025 жылында өткізілген Өндірістік кеңестерінің хаттамалары

Шымкент 2025

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары
2. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту туралы әдіскердің есебі.
3. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар.
4. Балабақша топтарының жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы
5. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі.
6. Әртүрлі мәселер

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Л.И.Яворская сөз алды:

- Саламатсыздар ма, құрметті әріптестер. Өндірістік кеңесімізге қош келдіңіздер. Бірінші мәселе «Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары» тақырыбына келер болсақ, тәрбиешілер «Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру кезеңінің перспективалық жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізді. Әртүрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар өткізілді және балабақшамызда бассейн жұмыс жасады. Жазғы уақытқа арнайы күн тәртібі жазылып және соған байланысты жұмыстар жасалды. Осы жазғы сауықтыру шараларымыздың мақсаты

- балалардың психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;

- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру болып табылды. Сонымен қатар балабақшамызда «День Нептуна» мерекелік іс-шара өткізілді. Бұл іс-шараның жоспары бекітіліп, инстаграмм желісіне жарияланды. Сонымен қатар, «Конституция күні» тақырыбында тақырыптық сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар, жаз уақытында мектепалды даярлық «Ромашка» және «Жауқазын» екі топтың балалары балабақшамен қоштасып, мектепке шығарып салдық, орнына екі ортаңғы топ ашып отырмыз. Жаз уақытында оннан аса баланың ата-анасы жазғы уақытқа демалыс (отпуск) алды, олардың өтініштері гарден программасына ілдік,- деп сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту» туралы сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды.

- Биылғы оқу жылына арналған жылдық жоспардың мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірту, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру.

Міндеті:

- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу. Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру

- Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуда заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қалыптастыру.

- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу

- Мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуде бақша мен отбасы қауымдастығының жұмысын жетілдіру. Үш жақты: бала-ата-ана-тәрбиеші болып тығыз білім, тәрбие жұмыстарын жүргізіп, баланың жан - жақты дамуына ықпал жасау;

- Балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.

- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту

Ал, енді педагогикалық-ұйымдастырушылық жұмыстарға келер болсам, биылғы оқу жылында «Аналар мектебі» дөңгелек үстел мен «Бала тәрбиесіндегі салт-дәстүрдің рөлі» тақырыбында семинар жоспарланып отыр. Ал педагогтарға, ата-аналарға арналған кеңестер тізімі жасалды. Балалардың салауатты өмір салтын ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар тақырыптары таңдалды, музыка жетекшісімен бірлесіп дене шынықтыру апталықтары мен мерекелері ұйымдастырылуда. Мысалы: «Спортпен айналысамыз», «Ұлттық ойындар ойнаймыз», «Қысқы қызықтар!» тақырыбында барлық топтарға арналған дене шынықтыру іс-шаралары жоспарлануда.

Сонымен қатар, оқу жылында өткізілетін ертеңгіліктер тақырыптары мен тақырыптық сабақтардың жоспары жасалды, ашық есік күндері мен өткізетін көрмелер жоспарланды. Мысалы: «Домбыра күні», «Балалар кітапханасы», тақырыбында көрмелер, «Ананың аялы алақаны» аналар мен әжелерге алғыстарын білдіре отырып, челлендж жасау, «Әншуақ» балалар жанды дауыспен ән айтып, тик ток түсіру жоспарлануда. Тәрбиеші мен педагогтардан тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылған іс-әрекеттерінің тақырыптары алынып, жылдық жоспарға қостық. Сонымен қатар, жыл бойында өткізілетін педагогикалық, өндірістік, меңгеруші жанындағы кеңестердің жоспарлары жасалды. Ата -аналармен өткізілетін жиналыстырдың жоспарлары бекітілді. Бақылау түрлері мен мазмұны жасалынып, рационалды теңестірілген тамақтану ұйымдастырылып, медициналық- педагогикалық бақылау мен әкімшілік -шаруашылық қызметтің жоспарға қостық,- деп толық айтып өтіп, сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша «Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар» бойынша сөз кезегін медбике Г.Орын алды:

-Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі – күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін,

жұмыртқа, жеміс-жидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәнді-дақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда баланың берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздар қамтамасыз етеді. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді,-деп толық баяндамасын оқып шықты.

4. Төртінші мәселе бойынша «Балабақша топтарының жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы» сөз кезегін меңгеруші алды:

- Біздің балабақшамыз Тұран ауданы, Кіші Самал 1600 телімде орналасқан.

Балабақша аумағы 20 соттық жерді алады.

Ғимаратта меңгеруші, әдіскер, мейірбике, кассир, шаруашылық меңгерушісіне арналған кабинеттер және топтарға арналған бөлмелер, музыкалық зал және кітапхана бұрышы бар.

Балабақшада асхана, қойма және шахмат ойынына арналған бөлмелер бар.

Ал, топ бөлмелерінде барлық жағдай жасалған, қазіргі заман талабына сай жаңа жиһаздармен жабдықталған және барлық топтарда ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Әр топ бөлмесінің құрамы:

1. Қабылдау бөлмесі
2. Ойын бөлмесі
3. Асхана бөлмесі
4. Жататын бөлме.
5. Жуынатын бөлме және әжетхана.

Ойын бөлмелерінде балалардың танымдық дамуына арналған әртүрлі дамытушы ермек-ойыншықтар, қуыршақтардың түр түрлері, ойыншық ыдыстар жиынтығы, көліктер жиынтығы, ұлттық аспаптар ойыншықтары, т.б. әр топта кітапхана бұрышы бар. Балаларға арналған сұлулық салоны, дәріхана, дүкенше ойын бұрыштары бар.

Сонымен қатар, биылғы оқу жылына енгізіп отырған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сай, барлық топтарда қазақтың салт-дәстүрін көрсететін бұрыш жасау негізделген. Сол нұсқа бойынша барлық топтарда қазақша бұрыштар жасалынып отыр. Ол бұрыштарда қазақтың киіз үй шаңырағы, домбыра, камшы, қазақтың оюымен тігілген көрпелер, т.б. көрнекілік ретінде қойылған.

Балабақшада бір саз бөлмесі бар, онда әннен ұйымдастырылған оқу қызметі, би өнерінен дайындықтар, әртүрлі мерекелік іс-шаралар өткізіледі,-деп сөзін ақтады.

5. Әртүрлі мәселелер бойынша меңгеруші сөз алды:

- Өртүрлі мәселелер бойынша әдіскер сізге сұрағым бар. Біздің тәрбиешілеріміз апта сайын циклограмма жазуда. Сол құжатқа күй дүмбірі және өнегелі -15 минутты қосып отырсыздар ма?

-Өрине, тәрбиеші балаларды қабылдау пункіне күй дүмбірі және өнегелі-15 минутты қосып отырмыз. Дүй дүмбірін қосу мақсатымыз - балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. Ал Өнегелі-15 минут - балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту болып табылады,-деп әдіскер сөзін аяқтады.

- Оқу жылында өтетін кеңестердің хаттамаларын толтыру үшін хатшы Орын Гүлнұрды хатшылық қызметке тағайындаймын,- деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Шешім:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындылары қанағаттанарлық деп шешілсін;
2. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бойынша жұмыстар жасалынсын;
3. Балалардың тамақтандыруын ұйымдастыруда қойылатын талаптар бойынша жұмыстар жасалынсын;
4. Балабақша топтарының жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп шешілсін;
5. Әр топтың санитарлық-гигиеналық мәселелері туралы медбикенің есебі қабылдансын;
6. Өртүрлі мәселер бойынша айтылған жұмыстар жалғастырылсын.

Меңгеруші:

Хатшы:

Яворская Л.И.

Орын Г.С.

Күн тәртібінде:

1. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.
2. 8 наурыз мерекесіне дайындық. Мерекелерді өткізу бойынша кеңестер беру
3. 2025 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру
4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы медбикенің баяндамасы
5. Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау бойынша қорытынды есеп
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды:
- Өндірістік кеңесіне қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы» бойынша сөз кезегін балабақша медбикесі Г.Орынға беріледі.

Сөз кезегін медбике Орын Гүлнұр алды:

- Біздің балабақшамызда үш мезгіл тамақ беріледі. Таңғы ас, түскі ас, бесін асы. Тәрбиеші көмекшілері тамақтарды асханадан белгіленген уақытта алып кетіп, балаларға белгіленген мөлшерде тәрбиеші тамақты, кашаны құйып береді. Ас бөлмелерде белгілі тәртіппен тазалық пен ұқыптылық сақталады. Әр күні өзім тексеру жүргізіп, бақылаймын.

Балалар мекемелерінің асхана жұмыстарына ағымды санитарлық бақылау жүргізу жұмысы:

1. Келіп түскен тамақтардың сапасы мен олардың тасымалдануын бақылау;
2. Тағамдардың сақталу жағдайын бақылау;
3. Тағамдардың таратылу мерзімінің сақталуын бақылау;
4. Тағамдарды дайындау технологиясын бақылау;
5. Дайын тағамдардың сапасын бақылау;
6. Асхананың санитарлық, індетке қарсы жүргізілетін тәртібін және ыдыс-аяқтарды тазалау тәртібін бақылау; т.б.

Балалардың тамақтануының рационалды болуы, тамақтанудың тәртібін дұрыс ұйымдастырғанда ғана мүмкін. Ол үшін төменде көрсетілген шаралардың орындалуы қажет:

1. Тамақтану уақытын және уақыт аралықтарын қатал сақтау;
2. Тамақ қабылдаудың физиологиялық рационалдылығы;
3. Жеке тамақтану уақыттарына сәйкес, тағамды мөлшері мен сапасына байланысты дұрыс бөлу;
4. Балалардың тамақтану жағдайы және тамақтану кезіндегі балалардың тәртібі.

Ал, өзім ас-мәзірін құрастырған кезде мынадай негізгі қағидаларды білуім керек:

1. Тамақ рационы балалардың жас мөлшеріне сәйкес дене еңбегінің жүктемесіне, жыл мезгіліне, климатқа байланысты алынған тағамдық заттарға және энергияға қажеттілігіне сәйкес болуы қажет. Жаз мезгілінде энергия шығыны ұлғаятындықтан, тағам колориясын 10%-ға жоғарылату қажет;
2. Ас мәзірі балалар мекемелерінің қызметінің ұзақтығына байланысты 3-5 ретке есептелінеді;
3. Ас мәзірі әрбір типтегі балалар мен жасөспірімдер мекемелері үшін бекітілген негізгі тағамдардың түрлеріне байланысты жасалады. Ет пен балықтан жасалған тағамдарды таңертеңгі және түскі асқа, ал, кешкі асқа сүт, көкөніс және жармадан жасалатын тағамдар ұсынылады. Рационның құрамында күнделікті міндетті түрде ет, балық, сүт, сары май, көкөніс, нан болуы керек;
4. Ас мәзірі әр түрлі тағамдардан құралады. Бір күндегі тағамдардың түрлері қайталанбауы тиіс, - деп толық тоқталып өтті.

2. Өндірістік кеңестің екінші мәселесі «8 наурыз мерекесіне дайындық. Мерекелерді өткізу бойынша кеңестер беру» бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- 8 Наурыз мерекесіне орай барлық топтарда өткізілетін ертеңгіліктің уақыттары бойынша кесте жасалынып, бекітілді. Ал әр топтың тәрбиешілер мен балалары өз рөлдерін жаттап, билерін қайта қайта репетицияда көрсетіп, дайындық жүргізіп жатыр. Балалардың би билеуге және әр түрлі рөлдерді сомдау үшін меңгеруші тарапынан үлкен көмек көрсетіліп, киімдер тігіліп, балабақшаға біразы әкелініп, біразын енді тігіп әкеледі. Әр топтың тәрбиешілері әдістемелік кабинетке ертеңгіліктерінің сценариін тапсырып жатыр. Бірінші ертеңгілікті ортаңғы «Жауқазын» және мектепалды даярлық «Китенок» тобында 28 ақпан күні бастамақ. 4 наурыз күні мектепалды даярлық «Мамонтенок» тобында, 05 наурыз күні ортаңғы «Ромашка» тобында, ал 6 наурыз күні ересек «Динозаврики», 7 наурыз күні ересек «Лучик» тобында өткізіледі. Біздің балабақшамызда ұйымдастырылған хореография және ағылшын тілі үйірмесінде үйренген билері мен ағылшын тіліндегі өлең, тақпақтарын балалар ертеңгілікте ата-аналарына көрсетеді. Ал музыкалық залды безендіру арнай мамандарға заказ беріп, безендіріледі.

Ал, ары қарай 22 наурыз жаңа жыл мерекесіне орай біздің балабақшамызда арнайы наурыз көже жасалып, бауырсақтар пісіріліп, ата-аналар мен балаларды құттықтап, дастархан жайылады, - деп сөзін аяқтады.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «2025 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:

- Былтырғы 2023-2024 оқу жылында түзілген кесте бойынша барлық қызметкерлер түгелімен ақылы еңбек демалысына барып келді. Ал енді осы 2024-2025 оқу жылына жаңа тізім жасалынып, тәрбиешілер -56 күнге, тәрбиеші көмекшілері – 30 күнге, әдіскер -42 күнге, медбике -42 күнге, тех.персонал – 24

күнге ақылы еңбек демалысына жіберіледі. Тізім жасалып, кеңестің хаттамасына қосымша тіркеледі.

4. Төртінші мәселе «Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы» медбике Г.Орынның баяндамасы.

- Қыс мезгілі келе сала балалар түрлі жұқпалы ауырулармен ауырып бастайды. Әр мезгілге балаларға және денсаулығына үлкен дайындық керек. Ол үшін ең алдымен иммундық жүйенің жұмысын жақсарту керек. Сондай бір жиі кездесетін ауырулардың бірі – Тұмау (ЖРВИ).

Тұмау – жоғары тыныс алу жолдары зақымдалу және уыттану белгілерімен сипатталатын жұқпалы инфекциялық ауру. Ауру адамнан сау адамға жөтелген, түшкірген кезде ауа тамшысы арқылы беріледі.

- Тұмаудың белгілері мыналар - тамақ ауруы, дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, сонымен қатар, бұлшық еттің ауруы, осыдан барып адам еңбекке уақытша жарамсыз болып қалады,- деп толық айтып, әрбір балаларда кездесетін ауру түрлеріне тоқталып өтті.

5. Бесінші мәселе «Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау» бойынша сөз кезегін меңгеруші алды.

- 6 қаңтар күні Мектепке дейінгі мекемедегі барлық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша» нұсқаулықпен таныстырылды. Барлық қызметкерлерге жиналыс өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді және таныстым деп қол қойылды. Атап айтсақ, меңгерушіге, әдіскерге, тәрбиешілер мен тәрбиеші көмекшісіне, медбике мен аспазшыға, жұмысшыға, т.б. қызмет иелеріне арнайы бөлек бөлек өз жұмыстарына лайықты нұсқаулықтар дайындалынды.

Емтихан қаңтар айының 30 күні балабақша қызметкерлерінің барлығынан еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша емтихан ұйымдастырылып, алынды. Комиссия төрайымы: Л.И.Яворская, Комиссия мүшелері: О.В.Федаренко, У.О.Ахметова, Л.О. Лигус. Барлық қызметкерлер емтиханда берілген сұрақтарға жауап беріп, емтиханды сәтті аяқтады. Емтихан хаттамасы қосымша тіркеледі,- деп толық айтып өтті.

6. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Менің әдіскерге қояр сұрағым бар. Ұстаз платформасы туралы не айтасыз?,- деп сұрақ қойылды.

- Қазіргі таңда Ұстаз платформасына барлық қызметкерлер туралы деректерді толтырып, олардың диплом, еңбек кітапшалары мен жетістіктерін тіркеп жатырмыз. Енді алдағы уақытта тәрбиешілердің енген ашық сабақтарын өз ЭЦП ключтарымен кіріп, талдау парақтарын толтырып, енгізу керек. Биылғы оқу жылында аттестацияға тапсыратын қызметкерлер болмағандықтан, біз комиссия мүшелерін сайлаған жоқпыз. Біраз қызметкерлер ендігі жылы педагог-модераторға тапсырамыз деп кәзірден дайындықты бастап кетті, - деп әдіскер сөзін аяқтады.

- Ал, балалардың сабаққа қатысу табелін ата-аналар уақытылы бекітіп отырма?, - деп меңгеруші сұрағын жалғастырды.

- Балабақшаға келіп жүрген барлық балаларымыздың ата-аналары қатысу табелдерін ай сайын бекітіп жүр. Алдағы айларда барлық ата-аналарға үйреттік, инструкциясын жібердік. 1-2 ай кеңес алып, үйренгенше келіп жүрді. Ал қазіргі таңда өздері, қиналмай бекітіп жүр, - деп сөзін аяқтады.

- Кассир, Ольга Вадимировна, балалардың төлем ақылары қалай болып жатыр? – деп Л.И.Яворская сұрақ қойды.

- Кәзіргі таңға барлық балалардың ата-аналары төлем ақыны әр айдың 10-15 теріне төлеп жатыр және балабақшаға ауырып, емделіп келген балалардың ата-аналары уақытылы ауырғандығы туралы анықтаманы әкеліп, бізге тапсырып жатыр,- деп О.В.Федаренко сөзін аяқтады.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңестің шешімін шығарып, бітірейік,- деп сөзін аяқтады меңгеруші.

Шешім:

1. Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы бойынша жұмыстар жалғастырылсын;
2. 8 наурыз мерекесіне дайындық. Мерекелерді өткізу бойынша жұмыстар жалғастырылсын;
3. 2025 жылғы кезекті еңбек демалыс кестесін құру бойынша жұмыстар жасалынсын;
4. Қыс мезгілінде балалардың індетпен сырқаттанудың алдын алу шаралары, денсаулығын қорғау туралы инструктажын жүргізу туралы медбикенің баяндамасы негізінде жұмыстар жасалынсын;
5. Барлық қызметкерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері бойынша тексеруден өткізу, емтихан қабылдау бойынша қорытынды есеп қабылдансын;
6. Әр түрлі мәселелер бойынша жұмыстар жасалсын.



Менгеруші:

Хатшы:

Яворская Л.И.

Орын Г.С.

Жоспардан тыс өндірістік кеңес №4

26.05.2025ж

Қатысқандар: 5

Күн тәртібінде:

1. Балабақша қызметкерлерінің Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша емтихан қорытындысы.
2. Әртүрлі мәселелер

Тындалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды: №3 Өндірістік кеңеске қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын негізгі мәселеміз «Балабақша қызметкерлерінің Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша емтихан қорытындысы». Бүгін таң азанымен балабақша қызметкерлерінің барлығынан еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелерін тексеру бойынша емтихан ұйымдастырылып, алынды. Комиссия төрайымы: Л.И.Яворская, яғни өзім, Комиссия мүшелері: О.В.Федаренко, У.О.Ахметова, Г.Орын, Қауіпсіздік төрайымы: О.В.Федаренко толып сайлады. Барлық қызметкерлер емтиханда берілген сұрақтарға жауап беріп, сәтті аяқтады. Емтихан хаттамасы толтырылып, жоспардан тыс өткізілген өндірістік кеңеспен бекітілді.

2. Әртүрлі мәселелер бойынша сөз кезегін әдіскер У.О.Ахметова алды:

- «Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздік шаралары» бойынша сөз қозғағым келіп тұр. Жазғы уақытта көп балалар жазғы демалысқа кетіп жатады, ал біразы балабақшаға келіп, жазғы сауықтыру шараларын өтіп жатады. Сондықтан кәзіргі таңда барлық тәрбиешілер балаларға, ата-аналарға қауіпсіздік шаралары туралы кеңестер беріп жатыр. Айтар болсам, Жол-көлік оқиғасының құрбаны немесе себепші болмауы үшін, балаларға жол жүру ережелерін үйрету қажет, жолда және қоғамдық көлікте мұқият болуды үйретті; балалармен ойын және спорт алаңында, жорыққа шыққанда абайлауды және қауіпсіздік талаптарын сақтауды; Отпен мұқият болуды, Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған оқиғаларына балалардың назарын аударды; баланың отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің коқысты жағулары; шөптерді өртеу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану бойыншы, т.б- қауіпсіздік шараларды түсіндіріп, кеңестер берілді.

- Басқа сұрақтарыңыз болмаса кеңесті аяқтап, шешім шығарайық,- деп меңгеруші сөзін аяқтады.

Шешім:

Өндірістік кеңес №3

Қатысқандар: 5

22.04.2025ж

Күн тәртібінде:

- Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі.
- Балалардың жарақат алуын болдырмау және оның алдын алу шаралары; емдеу, бала өмірін, денсаулығын қорғау туралы медбикенің баяндамасы
- Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы.
- Балабақшада төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша өткізілген іс-шараларды талқылау
- Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін меңгеруші алды:

- №3 Өндірістік кеңеске қош келдіңіздер. Бүгінгі қаралатын бірінші мәселе «Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есеп», - деп меңгеруші сөзін бастады. Оқу жылының басында біз қызметкерлерді балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережесі мен қауіпсіздік ережелерімен таныстырып, ережелерді талқылап, бекіткен болатынбыз. Мұндаға мазмұнын қысқаша айтар болсам, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау мен шығару тәртібі, Жұмысшының құқығы мен міндеттері, Жұмыс берушінің міндеттері мен құқығы, Еңбек тәртібін бұзған үшін жауапкершілікке тартылуы, қызметкерлердің жұмыс уақыты мен бос уақыты туралы жазылған. «Лилия» балабақшасы қызметкерлерінің жұмыс кестесі, мектепке дейінгі мекемеде балаларды қабылдау және топтарға жіктеу туралы ереже, тамақтануды ұйымдастыру туралы ереже жазылған. Осы оқу жылында біздің балабақшаға жаңадан медбике және екі тәрбиеші көмекшісі жұмысқа қалданған. Қабылданған қызметкерлерге де толығымен тәртіп ережелері түсіндірілді. Барлық қызметкерлер тәртіп ережелерін ұстанып, жұмыстарын атқаруда. Ешқандай тәртіп бұзу немесе ережені ұстанбаған жағдайлар орын алған жоқ. Ал техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша журналдарға қол қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, барлық қызметкерлердің лауазымдық міндеттері түсіндіріліп, таныстырылды. Жаңадан қабылданған қызметкерлерге еңбек шарттары толтырылды. - деп меңгеруші сөзін аяқтады.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе «Балалардың жарақат алуын болдырмау және оның алдын алу шаралары; емдеу, бала өмірін, денсаулығын қорғау» бойынша сөз кезегін медбике Орын Г.С. алды.

-Балалардағы жарақаттардың алуан түрлілігіне қарамастан, оларды тудыратын себептер әртүрлі. Ең алдымен, бұл сыртқы ортаның жайсыздығы, немқұрайлылық, ересектердің қаралмауы, күнделікті өмірде, көшеде, ойын кезінде, спортпен шұғылдану кезінде баланың ұқыпсыз, дұрыс емес әрекеті. Әрине, балалардың психологиялық ерекшеліктері, қызығушылығы, үлкен

қозғалғыштығы, эмоционалдылығы, өмірлік тәжірибенің болмауы, демек, қауіп-қатер сезімінің болмауы жарақатқа ықпал етеді.

Ересектер ықтимал қауіптердің алдын алуға және балаларды олардан қорғауға міндетті.

Ата-аналардың жарақаттанудың алдын алу жөніндегі жұмысы 2 бағытта жүруі тиіс

1) жарақат алу қаупін жою;

2) балаларды жарақаттанудың алдын алу негіздеріне жүйелі оқыту. Балада қорқыныш пен қорқыныш сезімін дамытпау маңызды, керісінше, егер Сіз дұрыс әрекет етсеңіз, қауіптен аулақ болуға болатындығын үйрету керек. Балаларда жиі кездесетін жарақат – тұрмыстық. Балалардың үйде алатын жарақаттарының негізгі түрлері және олардың себептері ыстық плитадан, ыдыстан, тамақтан, қайнаған судан, будан, үтікпен, басқа да электр құралдарынан және ашық оттан күйік;

Құлау-бұл көгерудің, сүйектердің сынуының және бастың ауыр жарақаттарының жиі кездесетін себебі. Олардың алдын алуға болады, егер қауіпті жерде балаларға өрмелеуге рұқсат берілмеу; баспалдақтарға, терезелер мен балкондарға қоршаулар орнатыңыз.

Жазда ойын алаңдары, әсіресе әткеншектер қауіпті аймаққа айналады. Егер бала әткеншектен құлап кетсе, ол қосымша соққылардан аулақ болу үшін жерге қасында қауіпті темірлер болмау керек және жұмысқа төсеніш болғаны абзал,- деп баяндамасын толық оқып шықты.

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе «Жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздік шаралар туралы» әдіскер У.Ахметова алды.

- Жазғы уақытта көп балаларымыз жазғы демалысқа шығып, ата-ананың жауапкершілігінде болады. Жазғы уақытта ең қауіпті де, ата-анаға білуі тиіс мәлімет ол «Балалардың жазғы демалыс кезіндегі су айдындарындағы қауіпсіздігі». Өткен күндері төтенше жағдайлар департаментінен келіп түскен хаттың негізінде бұл тақырып бойынша балаларға түсіндірме жұмыстары өткізілді және алдағы уақытта ата-аналар жиналысы барысында бұл тақырып күн тәртібінде қаралатын болады. Кәзір сіздерге қысқаша баяндама оқып берейін.

Бүгінгі таңда, Еліміздің су айдындарында жыл сайын бірнеше ондаған адамдар жазатайым оқиғаларға тап болады. Оның ішінде басым көпшілігі кемелет жасына толмаған жасөспірімдер құрайды.

Бұл ретте, мамандармен жүргізілген талдау жұмыстары барысында су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың басым көпшілігі «суға түсуге арнайы жабдықталмаған» су айдындарында орын алатындығы анықталған.

Қазіргі уақытта, біздің қаламызда 5 ресми орын бекітілген. Олар: Тоғыс су қоймасының «Холодильник» демалыс орны, Бадам су қоймасының «Рахат Бадам», Қошқар ата өзенінің бастауы және спорт туризмға арналған Дендрологиялық саябақтағы жасанды көл мен Нұрғажайып ЖШС қарасты «Жайлау көлі».

Суға шомытуға рұқсат етілмеген жерлерде жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, тыйым салынған 13 орын белгіленген (Шымкент қ.

мәслихатының 20.05.2022ж. №16/143-VII шешімі) және осы орындарға шомылуға тыйым салынған тақтайшалар қойылған. Ол орындар: Бадам, Сайрам су, Янги шек, Қарасу, Қошқар ата өзендері, Қайнарбұлақ жасанды көлі, Азат, Көкбұлақ, Сасық, Хауау және Шымкент магистральды каналдары.

Сендер, шомылу маусымы кезінде шомылуға тыйым салынған жоғарыда аталған 13 орында суға түсуден аулақ болуларың қажет.

Судағы қауіпсіздік ережелері:

- Суға абайлап кіріңіз. Денеңіздің суға бейімделуіне мүмкіндік беріңіз;
- Өзіңізді қалтырауға дейін жеткізбей, 10-15 минутқа дейін ғана шомылыңыз;
- Аяқ-қолыңыз тартылған жағдайда - сасқалақтамаңыз, су бетінде қалуға тырысыңыз және көмекке шақырыңыз;
- Жүзуді білмесеңіз, белден жоғары тереңдікке бармаңыз;
- Суға жалғыз шомылмауға тырысыңыз;
- Ағысқа түсіп кеткен жағдайда ағысқа қарсы жүзбеңіздер, ағынды жағаға жақындауға пайдаланыңыздар, т.б.- деп толық оқып шықты.

4. Балабақшада төтенше және техногенді жағдайлар кезіндегі іс-әрекеттер бойынша өткізілген іс-шараларды талқылау бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- 2024-2025 оқу жылында Төтенше жағдайлар басқармасынан өте көп хаттар келіп түсті. Сол хаттардың аясында біздің балабақшамызда өрт кезінде қауіпсіздік шаралар, жер сілкінісі кезінде қауіпсіздік шаралар мен профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар «Терезеден құлап кетуден қорғану» және «Баланы суға батудан қалай қорғау» тақырыбында балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар жиналысында бұл тақырыпта айтылды.

Сонымен қатар «Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету» бойынша іс-шаралар жоспары және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарының негізінде «Мен және қоршаған орта» терроризмге қарсы іс-қимыл бойынша профилактикалық, оқу, жаттығу шаралары әр квартал сайын балаларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ал, балабақша қызметкерлеріне «Терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету» бойынша іс-шаралар жоспарының негізінде «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» түсіндірме жұмыстар мен тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Барлық өткізілген түсіндірме жұмыстары мен тәжірибелік жұмыстарға бұйрықтар шығарылды және суретке түсірілді. Ал, таныстым деп қызметкерлер арнайы арналған журналға қол қойды.

5. Әр түрлі мәселелер бойынша сөз кезегін меңгеруші Л.И.Яворская алды.

- Біздің балабақша ТОО «ОПЧС-Строй» компаниясымен келісім шартқа тұрып, сигнализацияларды тексертіп, шатырдың астына обработка жасатты. (өрт қарсы) Сонымен қатар, бақшадағы огнетушительдерді толтырып, санын көбейтті. ШЖҚ РМК «Түркістан облысы бойынша дезинфекция орталығымен келісім шартқа тұрып балабақшаның ішін және сыртқы жағын

